

**"Әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 247 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 24 мамырдағы № 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 мамырда № 22840 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 247 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10069 болып тіркелген, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 3 ақпанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін атқарушы*

*К. Ускенбаев*

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2021 жылғы 24 мамырдағы  
№ 256 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму

**Әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесі**

1. Ақтөбе– Алматы.
2. Ақтөбе – Атырау.
3. Ақтөбе – Маңғыстау.
4. Алматы – Нұр-Сұлтан.
5. Алматы – Атырау.
6. Алматы – Достық.
7. Алматы – Жезқазған.
8. Алматы – Өскемен-1.
9. Алматы – Қостанай.
10. Алматы – Локоть.
11. Алматы – Маңғыстау.
12. Алматы – Озинки.
13. Алматы – Орал.
14. Алматы – Павлодар.
15. Алматы – Петропавл.
16. Алматы – Сарыағаш.
17. Алматы – Шымкент.
18. Арқалық – Нұр-Сұлтан.
19. Нұр-Сұлтан – Айсары.
20. Нұр-Сұлтан – Атбасар.
21. Нұр-Сұлтан – Достық.
22. Нұр-Сұлтан – Жезқазған.
23. Нұр-Сұлтан – Өскемен-1.
24. Нұр-Сұлтан – Көкшетау.
25. Нұр-Сұлтан – Көкшетау – Володаровка.
26. Нұр-Сұлтан – Қарағанды – Семей.
27. Нұр-Сұлтан – Қызыл-Ту – Петропавл.
28. Нұр-Сұлтан – Маңғыстау.
29. Нұр-Сұлтан – Павлодар.
30. Нұр-Сұлтан – Павлодар – Семей.
31. Нұр-Сұлтан – Сарыағаш.
32. Атырау – Ақсарай.
33. Атырау – Нұр-Сұлтан.
34. Атырау – Маңғыстау.

35. Көкшетау – Нұр-Сұлтан – Ерейментау.
36. Көкшетау – Қызылорда.
37. Қарағанды – Нұр-Сұлтан.
38. Қарағанды – Петропавл.
39. Қостанай – Есіл – Арқалық.
40. Қостанай – Қарағанды.
41. Қызылорда – Жезқазған – Нұр-Сұлтан – Павлодар.
42. Қызылорда – Петропавловск.
43. Қызылорда – Семей.
44. Орал – Ақтөбе.
45. Орал – Нұр-Сұлтан.
46. Павлодар – Пресногорьковская.
47. Шалқар – Сексеуіл.

Ескертпе: Әлеуметтік маңызы бар қатынас қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал ететін және мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін қатынас болып танылады:

1) мемлекеттік маңызы – мемлекетаралық байланыстарды дамыту, Қазақстан Республикасының астанасы мен облыс орталықтарын Қазақстан Республикасымен айтарлықтай қоғамдық, сауда немесе өзге де өзара қатынастары бар мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық бірліктерінің астаналарымен және басты қалаларымен қосу;

2) баламасыздығы– ұзақтығы үлкен әрі тармақталуы аз болғанда қайта отырғызусыз қатарлас қатынастардың болмауы, ауа райы жағдайларына тәуелсіздігі, барлық маусымдылығы, жолаушыларды біржолғы жаппай тасымалдау;

3) әлеуметтік маңызы– халықтың жан басына шаққандағы табысында жол жүруге арналған шығысының қолжетімді деңгейінің сақталуы;

4) қолжетімділігі–азаматтардың қолжетімді балама көлік түрлері жоқ бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағында еркін орын ауыстыру, оның шегінен тыс шығу және кедергісіз қайтып келу мүмкіндігін қамтамасыз ету.